

## **"Бадамша селосының көшелері мен тұйықтарын атау және қайта атау туралы" 2012 жылғы 16 мамырдағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Бадамша ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 06 қарашадағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 желтоқсанда № 4619 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Қарғалы ауданының Бадамша ауылдық округінің әкімі

### **Ш Е Ш І М**

### **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Бадамша ауылдық округі әкімінің мемлекеттік тіліндегі "Бадамша селосының көшелері мен тұйықтарын атау және қайта атау туралы" 2012 жылғы 16 мамырдағы № 1 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімде № 3-6-140 тіркелген , аудандық "Қарғалы" газетінің 2012 жылдың 4 маусымдағы № 31 санында жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешімінің мемлекеттік тіліндегі деректемелерді, атауы және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосының" сөздері тиісінше "ауылдық", ауылының" с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды Қарғалы ауданының Бадамша ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы К.Жиенбаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

*Қарғалы ауданының*

*Бадамша ауылдық округі әкімінің м.а.*

*А.Ержанбаев*